

002 ЕНІР

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық
портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік
басқару туралы 19.02.2021 ж. №17/11/19-02-21/п шарттың үлгі нысанына**

№3 Қосымша келісім

№14/16/25-08-23/П

Алматы қаласы

«25» 08 2023 жыл

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, Алматы қаласы Әділет Департаментінің Бостандық аудандық әділет басқармасы берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 22.08.2013 ж. №15242-1910-АО анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, 20.07.2023 жылғы №410-Ж/Қ бұйрық негізінде іс-әрекет жасайтын, Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы Сауле Асқаровна Егеубаева арқылы, бір тараптан және

Инвестициялық портфельді басқарушы «ВСС INVEST» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген (қайта ресімделген) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған 2018 жылғы 10 шілдедегі №3.2.235/12 лицензия, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы Данияр Нурмухаметулы Шаяхметов арқылы, екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған 19.02.2021 ж. №17/11/19-02-21/п кастодиандық шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №3 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) кіріспеден кейін және 10-тарауға дейін жаңа редакцияда жазылсын:

«Шартта мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

зейнетақы активтері – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 37-бабына сәйкес Басқарушыға сенімгерлік басқарушыға берілген Қордың зейнетақы активтері;

зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару – Басқарушының өзінің атынан пайда алушының (Қордың) мүддесі үшін оның иелік етуіне, пайдалануына және иленуіне берілген зейнетақы активтерін өз атынан басқаруды жүзеге асыру міндеттемесі;

зейнетақы активтерінің шартты бірлігі – инвестициялық портфельді басқарушыны сенімгерлік басқару нәтижесінде олардың өзгеруін сипаттау үшін пайдаланылатын зейнетақы активтерінің үлестік шамасы;

инвестициялық декларация – инвестициялау объектілерінің тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, талаптарын және шектеулерін, зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын айқындайтын құжат;

инвестициялық кіріс – зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған (алынуға тиіс) ақша;

инвестициялық портфель – зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының жиынтығы;

инвестициялық портфельді басқарушы – өзінің атынан және мүддесі үшін және клиенттің есебінен «Бағалы қағаздар рыногы туралы» (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензия негізінде инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

кастодиан-банк – уәкілетті органның кастодиандық қызметке лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк;

уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

1-тарау. Шарттың мәні

1. Қор Шартта, инвестициялық декларацияда, Әлеуметтік кодексте және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда айқындалған тәртіппен және талаптармен Басқарушыға зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға береді, ал Басқарушы қабылдайды және өз атынан, Қор мүддесіне орай және оның есебінен Қор берген зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырады.

2-тарау. Негізгі ережелер

2. Басқарушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

3. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын инвестициялық декларацияны Басқарушы әзірлейді және оны Басқарушының басқару органы бекітеді.

4. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі, сондай-ақ зейнетақы активтерімен жүзеге асырылатын операциялардың түрлері Әлеуметтік кодексте және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында белгіленеді.

5. Зейнетақы активтерін Шарт бойынша сенімгерлік басқаруға беру оларға меншік құқықтарының Басқарушыға өтуіне әкеп соқпайды.

6. Басқарушының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі құқықтары мен міндеттері Шарт күшіне енген сәттен бастап туындайды.

7. Қор зейнетақы активтерін Басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруді Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

8. Шарттың ережелері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, сондай-ақ Тараптардың бастамасы мен өзара келісімі бойынша қайта қаралады.

9. Басқарушы өзінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін Әлеуметтік кодекстің 37-бабының 7-тармағына сәйкес басқа тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы емес.

10. Тараптар олардың қызметінің нәтижесінде алынған ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету жөніндегі барлық талаптарды сақтауға міндеттенеді.

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11. Қор:

1) Әлеуметтік кодекстің 37-бабының 5 және 6-тармақтарында, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерінде белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін Басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;

2) Шарт жасалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің 35-бабы 2-тармағының 9) және 10) тармақшаларына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфельінің құрылымы туралы мәліметтерді, инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Басқарушы туралы ақпаратты орналастыруға;

3) Әлеуметтік кодекстің 35-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және 57-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында есепке алуды жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарының жеке есебін жүзеге асыруға;

4) Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларында, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы өз капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдерінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеуге;

5) тиісті есептеулер жүргізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Басқарушымен зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің есептік құнын салыстырып тексеруді жүргізуге;

6) Басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу үшін кастодиан-банкпен кастодиандық шарт жасасуға;

7) Басқарушыны қол қою құқығы бар лауазымды тұлғаларының ауысқаны туралы, Қордың мекенжайларының, байланыс телефондарының, БСН, банк деректемелерінің өзгергені туралы осындай өзгерістер басталған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге;

8) Қор, Басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде Басқарушыда сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын Басқарушымен және кастодиан-банкпен салыстырып тексеру жүргізуге;

9) Әлеуметтік кодекстің 217-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес бағалаушы жүргізген Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы қаржы құралдарын бағалау нәтижелері туралы ақпаратты Қор қаржы құралдарының осы бағасын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Басқарушыға және кастодиан-банкке беруге;

10) Басқарушының зейнетақы активтерімен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес бастапқы құжаттармен расталатын және ай сайын үш жақты салыстыру актісінде тіркелетін мәмілелері бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты брокерлік комиссияларды, биржалық алымдарды және өзге де шығыстарды төлеуге байланысты шығыстарды зейнетақы активтері есебінен төлеуге міндетті.

12. Қор:

1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты кез келген ақпарат пен құжаттарды (инвестициялық портфельдің құрамы, зейнетақы активтерімен жасалған мәмілелер, операциялар және т.б.) сұратуға;

2) Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды

кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларына, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы өз капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес есептелген Басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеуді Басқарушыдан талап етуге;

3) Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерінде көзделген тәртіппен және жағдайларда Басқарушыдан зейнетақы активтерін басқа инвестициялық портфельді басқарушының немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына аударуды талап етуге;

4) Шартты бұзуга;

5) Шарттың 13-тармағының 11) тармақшасында көзделген жағдайда Басқарушының Қордың зейнетақы активтерін қайтаруы бойынша сотқа дейінгі және талап қою жұмысына қатысуға құқылы.

13. Басқарушы:

1) берілген зейнетақы активтерін қатаң түрде инвестициялық декларацияға, Әлеуметтік кодекске, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, осы Шарт бойынша өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-әрекеттерді басқа тұлғаға тапсыру құқығынсыз тиісінше сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға;

2) инвестициялық декларацияны әзірлеуге және бекітуге;

3) Басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәні арасында теріс айырма туындаған кезде Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларына, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы өз капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы теріс айырманы Қорға өз капиталының есебінен өтеуге;

4) Басқарушының қол қою құқығы бар лауазымды тұлғаларының ауысканы, мекенжайларының, байланыс деректерінің, БСН, банктік деректемелерінің өзгергені туралы Қорға осындай өзгерістер басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

5) Шарт бойынша сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы активтерін өз мүдделері үшін пайдаланбауға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт талаптарын орындау нәтижесінде немесе оған байланысты алынған ақпаратты өз мүдделері үшін пайдаланбауға және үшінші тұлғаларға бермеуге;

7) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келегін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етуге;

8) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге де жабдықтардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

9) Басқарушы сенімгерлік басқаруға қабылдаған зейнетақы активтері бойынша номиналдық кірістілік деңгейін зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәнінен төмен емес инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларында, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталы есебінен теріс айырманы өтеу қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қамтамасыз етуге;

10) зейнетақы активтерімен мәмілелерді номиналдық ұстау, оларға қызмет көрсету және зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарды жүргізу бойынша қызметтер көрсететін кастодиан банк ұсынған шоттарды, сондай-ақ Шарттың 11-тармағының 10) тармақшасында көзделген шығыстарды қоспағанда, қызметтері зейнетақы активтерін басқару үшін қажет үшінші тұлғаларды тартуға байланысты шығыстарды төлеуге;

11) бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалмауына жол берген эмитенттерге қатысты, сондай-ақ Шарт бойынша Басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген Қордың зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі салымдар бойынша міндеттемелердің орындалмауына жол берген екінші деңгейдегі банктерге қатысты сотқа дейінгі және талап қою жұмысын жүзеге асыруға;

12) эмитенттің бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындамауы, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктің Қордың зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі салымдар бойынша міндеттемелерді орындамауы анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы жағдайларды шешу жөніндегі Басқарушының жоспарланған шаралары туралы құжаттарды қоса бере отырып, Қорды хабардар етуге;

13) Қордың талабын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды (инвестициялық портфельдің құрамы, зейнетақы активтерімен жасалған мәмілелер, операциялар және т.б.) беруге;

14) Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді бір басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерінде белгіленген тәртіппен Қордың талап етуі бойынша Қордың зейнетақы активтерін басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға аударуға;

15) осындай мән-жайлар туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Басқарушыға қатысты қолданылған қадағалап ден қою шаралары, санкциялар және қолданылған әкімшілік жазалар туралы Қорды жазбаша хабардар етуге;

16) сенімгерлік басқаруда тұрған, берілген зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын Қордың, Басқарушының және кастодиан-банктің арасында жасалған кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде Басқарушымен және кастодиан банкпен салыстырып тексеруді жүргізуге;

17) апта сайын Қорға және кастодиан банкке зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының нарықтық бағалары бойынша ақпаратты аптаның бірінші жұмыс күнінен кейінгі жұмыс күні сағат 11:00-ден кешіктірмей беруге;

18) Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларында, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталы есебінен теріс айырманы өтеу қағидаларында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен есептеуге;

19) тиісті есеп айырысулар жүргізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің есептік құнын қормен салыстырып тексеруді жүргізуге;

20) қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қолдану мақсатында салықтық нысандарды толтыруға жәрдемдесуге, нарықтарында инвестициялар жүзеге асырылатын шетелдік салық органдарына беру үшін жаһандық шетелдік кастодиандар талап ететін салықтық нысандарды, өтініштерді, декларацияларды және басқа да нысандарды толтыруға міндетті.

Шарттың 13-тармағының 20) тармақшасында көрсетілген нысандарға Қор қояды;

21) салық салудан босатуды алу, жеңілдікті салық салуды қолдану немесе шетелдік эмитенттер төлейтін кірістерден салықтың артық ұсталған сомаларын қайтару үшін қажетті салықтық нысандарды, сертификаттарды және басқа да құжаттарды тұрақты жаңарту мәселелері бойынша жаһандық шетелдік кастодиандармен жұмыс жүргізуге;

22) эмитенттердің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде жүргізілетін қаржы құралдарын есептен шығару/есепке алу операциялары бойынша өкімді Қорға және кастодиан банкке өкімде көрсетілген операцияларды жүргізу болжамдалған жұмыс күні сағат 11:00-ден кешіктірмей ұсынуға;

23) шетелдік эмитенттердің міндеттемелеріне қайта құрылымдау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;

24) Басқарушының басқару органы осындай шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 15-тармағында көрсетілген комиссиялық сыйақы мөлшерінің өзгергені туралы Қорға жазбаша хабарлауға;

25) Әлеуметтік кодекстің 217-бабының 2-тармағы 19) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларында көзделген қаржы құралдарын қайта сыныптау туралы Қорға және кастодиан банкке өкім беру, олар бойынша қаржы құралдарын қайта сыныптау туралы шешім қабылданған, қаржы құралдарын қайта сыныптау болжанатын жұмыс күні сағат 11:00-ден кешіктірмей қаржы құралдарын есепке алудың бір санатынан екіншісіне ауыстыруға міндетті.

14. Басқарушы:

1) Шарттың 4-тарауында белгіленген жағдайларда және мөлшерде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудан комиссиялық сыйақы алуға;

2) Шарттың 27-тармағында көзделген талаптармен Шартты бұзуға құқылы.

4-тарау. Комиссиялық сыйақы

15. Басқарушы зейнетақы активтерін басқарғаны үшін ай сайын зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудан алынған инвестициялық кірістің 7,0 (жеті) пайызы мөлшерінде комиссиялық сыйақы алады.

16. Басқарушының комиссиялық сыйақысының шамасы Әлеуметтік кодекстің 58-бабына сәйкес жылына 1 (бір) рет қана өзгеруі мүмкін.

17. Комиссиялық сыйақының шамасы Шарт жасалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ күнтізбелік жыл басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей Қордың және Басқарушының интернет-ресурстарына орналастырылады.

18. Басқарушының комиссиялық сыйақысының шамасы өзгерген жағдайда Тараптар Шартқа тиісті қосымша келісімге қол қояды.

5-тарау. Зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу

19. Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері Қордың кастодиан банктегі шоттарында сақталады және есепке алынады, оны тандауды Басқарушы жүзеге асырады.

20. Бір Басқарушыға инвестициялық басқаруға берілген зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды бір кастодиан банк жүзеге асырады.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

21. Басқарушы инвестициялық декларацияға сәйкес Қордан сенімгерлік басқаруға алынған зейнетақы активтерін нысаналы орналастыру үшін жауапкершілікте болады.

22. Басқарушы сенімгерлік басқару шеңберінде зейнетақы активтері есебінен жүргізілген мәмілелер және (немесе) операциялар бойынша жүргізілген есеп айырысулар үшін жауапкершілікте болады.

23. Қор осы Шартта белгіленген өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласында әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

7-тарау. Дүлей күш жағдайлары

24. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол дүлей күштің; табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдайлар және Тараптар Шарт бойынша алдын ала болжауға мүмкіндік болмаған өзге де жағдайлар салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Шарттың қолданысы осындай жағдайлар орын алған кезеңге тоқтатыла тұрады.

25. Дүлей күштің әсеріне ұшыраған және осының салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап басқа Тарапқа осындай жағдайлардың басталуы, ұзақтығы және болжамды орын алу уақыты туралы барынша қысқа мерзімде хабарлайды.

8-тарау. Шарттың қолданыс мерзімі және оны бұзу тәртібі

26. Шарт зейнетақы активтерінің кастодиан банкке Қордың шотына түскен күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады.

27. Шарт:

1) Басқарушы уәкілетті орган белгілеген мерзімде қадағалап ден қою шараларын қолдануға негіздерді жоймаған;

2) Басқарушы Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 7) тармақшасына сәйкес зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмеген (Басқарушының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімінен алып тасталған жағдайда);

3) Басқарушының сенімгерлік басқаруында зейнетақы активтері мен олар бойынша міндеттемелер болмаған жағдайда Басқарушының бастамасы бойынша;

4) Басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан банктің лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған не лицензиядан айырылған және кастодиан банктің лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған не лицензиядан айырылған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде басқа кастодиан банктен жаңа кастодиандық шарт жасалмаған жағдайларда бұзылады.

28. Шарт бұзылған жағдайда Басқарушы Әлеуметтік кодекстің 15-бабының 9) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша, зейнетақы активтерін

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына беру рәсімдерін жүзеге асырады.

29. Шартты бұзуға бастамашы Тарап басқа Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын ескертуге міндетті.

9-тарау. Басқа да талаптар

30. Тараптар Шарттың мәніне қатысты және Шарт бойынша Тараптардың қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

31. Шарт әр Тарапқа бір данадан, заң күші бірдей, мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

32. Шарттың талаптары Тараптардың арасында жеке немесе бірге жасалған кез келген өзге шарттың немесе келісімнің талаптарына қайшы келетін болса, Шарттың ережелері басым болып табылады және Тараптар бірінші кезекте осы Шарттың ережелерін басшылыққа алатын болады.



33. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі бойынша, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы енгізіледі.

34. Шарт бойынша Тараптардың арасындағы реттелмеген дауларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының соттары өз құзыретіне сәйкес қарайды.».

2. Қосымша келісім оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 01.07.2023 жылдан бастап басталған қарым-қатынастарға қолданылады.

3. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды. Қосымша келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні Қосымша келісімнің орыс тіліндегі мәтініне сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі Қосымша келісімді басшылыққа алады.

4. Тараптардың деректемелері және қолдары

Қор	Басқарушы
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Алматы қаласы, Самал-2 ықш., 97-үй, 13-тұрғын емес үй-жай, Samal Towers БО БСН 971240002115 БСК HSBKKZKX ЖСК KZ776010131000118840 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БЕК 15 телефон: +7(727) 331-66-99	«BCC INVEST» акционерлік қоғамы-«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98, 5-қабат БСН 030640007360 БСК KSJBKZKX ЖСК KZ508560000000476340 «БанкЦентрКредит» АҚ АҚФ БЕК 15 телефон: +7(727) 244-32-32
Басқарма Төрағасының м.а.  Егеубаева С.А. (ҚОЛЫ) (ТАӨ)	Басқарма Төрағасы  Шаяхметов Д.Н. (ҚОЛЫ) (ТАӨ)
М.О.	М.О.